

**КАЛИЕВА ГУЛЬНУР КАРИМХАНОВНА**

**Нарықтық экономика шарттарында агроөнеркәсіптік кешендерді  
қаржыландырудың жаңа жолдары мен тәсілдері (Көкпекті ауданының  
мысалында)**

6N0508 – «Есеп және аудит»

мамандығы бойынша ғылыми және педагогикалық білімдер  
магистрі академиялық дәрежесін ізденуге арналған  
магистрлік жұмыстың  
**авторефераты**

Қазақстан Республикасы  
Өскемен, 2011

Жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде (Өскемен қаласы) орындалды.

Ғылыми жетекшісі:

экономика ғылымдарының доценті                      Какимжанов З.Р.

Ресми оппоненті:

экономика ғылымдарының кандидаты                      Демесинов Т.Ж.

Қорғау 2011 жылы «23» маусымда сағат 9-00 ШҚМТУ-нің 6N0508 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша мемлекеттік аттестациялау диссертациялық кеңес отырысында өткізіледі,

Мекен-жайы: 070004, Өскемен қ., Серікбаев көшесі 19, ШҚМТУ, ауд. ГЗ-216.

Магистрлік жұмыспен ШҚМТУ ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Реферат 2011 жылы «   » мамырда таратылды.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Ел немесе аймақ экономикасындағы ауылшаруашылығының рөлі оның құрылымын және даму деңгейін көрсетеді. Ауылшаруашылығының маңыздылығының көрсеткіші ретінде шаруашылығындағы белсенді халық үлесі, сонымен қатар саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің көрсеткіші табылады. Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының дамуында маңыздылығы жоғары, негізгі салаларының бірі. Ол халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамсыз етеді. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығында қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, халықтың жартысынан астамының әлеуметтік жағдайы ауылдық аймақтарымен тығыз байланысты.

Ұлттық экономиканың дамуы үшін бастылардың бірі болып отандық агроөнеркәсіптік кешен табылады. Нарықтың ішкі сыйымдылығы ауылшаруашылық өнімін елде өндіретін балансталған қолданысы үшін жеткіліксіз болып келеді. Оны өндіруден алынған табысы ауыл елдерін өмірмен қамтамсыздандырудың минималды стандартын қамтамсыз ете алмайды.

Ғылыми дайындамалар негізінде агроөнеркәсіптік кешеннің ары қарай дамуы мен жетілдірілуін көздейтін шараларды жүзеге асыру және осының салдарында аталған сала мен оның өнімін бәсекеге қабілетті халықаралық нарыққа шығару үшін қажетті жағдайларды қамтамсыз ету заманауи кезеңде өзекті мәселелер қатарына жатады. Аталған мәселелердің барлығы агроөнеркәсіптік кешен үшін алдымен қаржылық сұрақтарға келіп тіреледі.

Агроөнеркәсіпті мемлекет тарапынан қаржылық қолдау шараларына, қаржылық ұйымдар арқылы несиелендіруге және демеу көрсетуге қарамастан қазіргі таңда бұл саланы қаржыландыруда келесідей мәселелер қалыптасуда:

- екінші деңгейлі банктер арқылы несиелендіруде ауылшаруашылығының алатын үлесінің төмендігі, ол өз кезегінде банктердің аграрлық саланы несиелендіруді тиімсіз деп санауымен байланысты;

- зерттеу жүргізілген жылдар кесігінде аймақ бойынша ауылшаруашылық құрылымдарының төмендеу тенденциясы қалыптасқан, бұл мәселе олардың қызмет атқаруына жеткілікті жағдайлар жасалмағандығы мен қаржылық мүмкіндіктерінің жоқтығына тіреледі;

- мемлекетті субсидиялардың басым бөлігі көбінесе көлемі бойынша ірі шаруашылықтарға беріледі;

- аймақ бойынша агроөнеркәсіптік кешенді микронесиелік ұйымдар мен несиелік серіктестіктер арқылы несиелендіру жеткілікті дәрежеде дамымаған, аталмыш ұйымдардың басым бөлігі аудан орталықтарында емес, облыс орталығына шоғырланған;

- несиелендіру процесінің құжаттамаларды әзірлеу мен кепіл затының құжаттамаларын даярлау себептерімен ұзартылуы және тағы басқалары.

Аталып кеткен мәселелерді шешумен байланысты келесідей шараларды

қабылдау қажет:

- мемлекет тарапынан екінші деңгейлі банктер арқылы ауылшаруашылық құрылымдарын қаржыландыру мөлшерін арттыру бойынша шараларды жүргізу;

- аймақ бойынша шаруашылық құрылымдарды микронесиелік ұйымдар мен несиелік серіктестіктер арқылы қажыландыруды жетілдіру мақсатында филиалдық желіні кеңейту;

- мемлекеттік қолдау бойынша жүргізілетін шараларды қайта қарастыру;

- ірі кәсіпорындарға берілетін несиелік ресурстардың шекті мөлшерін жоғарлату;

- шаруашылық құрылымдарының несиеленуін құжаттық тіркеу бойынша жеңілдіктер енгізу, құжаттаманы әзірлеу мен ақша қаражаттарын ұсыну аралығының мерзімін қысқарту және тағы басқалары.

Агроөнеркәсіптік кешен халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ететін негізгі күш және ел экономикасының негізін құраушы салалардың бірі, сондықтан да экономиканың бұл саласын қаржыландыру қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты.** Зерттеудің мақсаты – аймақтық деңгейде агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыруға талдау жүргізу және оны жетілдіру жолдарын қарастыру (талқылау).

**Зерттеудің міндеттері.** Аталған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді орындау шарт:

- агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы ел экономикасының дамуындағы рөлін көрсету және мазмұнын ашу;

- шет елдердегі агроөнеркәсіптік кешеннің құрылымдық ерекшеліктерін қарастыру;

- агроөнеркәсіптік мемлекеттік реттеу, қолдау көрсету және дамыту бағдарламаларына шолу жүргізу;

- экономиканың аграрлық секторындағы нарықтық қатынастарды қарастыру;

- аймақтық деңгейдегі агроөнеркәсіптің дамуына және қаржыландырылу деңгейіне талдау жасау;

- шаруашылық субъектілерінің қызметін несиеленудің тәжірибелік мәселелерін қарастыру және оған баға беру;

- облыс және аудан деңгейіндегі агроөнеркәсіптік кешеннің микронесиелік ұйымдармен, несиелік серіктестіктермен және екінші деңгейлі банктер арқылы несиелендірілуін талдау;

- агроөнеркәсіптік кешенді несиелендірудің негізгі шарттарын талқылау;

- аграрлық саланы дамыту мақсатындағы қаржыландыру мәселелеріне ұсыныстар мен тұжырымдар жасау, жаңа жолдар ұсыну.

**Зерттеу объектісі** – Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы бойынша агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыру.

**Магистрлік жұмыстың тәжірибелік құндылығы келесіде қорытындылады:** агроөнеркәсіптік кешенді мемлекет тарапынан қаржылық

қолдау және әртүрлі несиелік ұйымдар арқылы несиелендірудің тиімді жолдары мен тәсілдері және аймақтық аграрлық саланың экономикадағы үлесін жоғарлату, дамыту бойынша ұсыныстар мен тұжырымдамалар жасалды.

**Магистрлік жұмыстың негізгі жағдайы мен ізденіс нәтижелерінің анықтылығы** жүйелік талдау негізінде аймақтық агрокәсіпкерлікті несиелеу және де мемлекеттік қолдау мен қаржыландырудың сенімді және нақты теориясын, сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенді қаржыландыруды жетілдіру үлгісін қолданумен қамтамасыздандырылған.

**Магистрлік жұмыстың ғылыми жаңалығы:** экономиканы жетілдіру саласы ретінде агроөнеркәсіптік кешендер қызметін қолдау және қаржыландыру механизмін жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастырылды.

**Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдамалар:**

- аймақтың ауылшаруашылығының жағдайы зерттеліп, қазіргі күнгі шарттарды ауылшаруашылығының төмен тиімділігінің себептері анықталды;
- нарықтық экономикадағы агроөнеркәсіптік кешендердің несиелендірудің негізгі аспектілері;
- агроөнеркәсіпті әртүрлі көздерден қаржыландырудың әдіс-тәсілдері;
- аграрлық саланы қаржыландыру және дамыту механизмін жетілдіру бойынша шараларды қарастыру;
- агроөнеркәсіптің дамуының бірден-бір кепілі ретінде халықтың қызығушылығын арттыру мәселелері.

**Жұмыс сынамасы (апробациясы) және оның нәтижелерін енгізу.** Магистрлік жұмыстың негізгі жағдайы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалында өткізілген «Ломоносов-2011» атты студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың VII Халықаралық ғылыми конференциясында талқыланды.

**Жұмыстың талқылануы.** Орындаған зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми конференцияларда сәйкесінше мақалалар жарияланған.

**Жұмыстың құрылымы мен көлемі.** Магистрлық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыс мазмұны компьютерлік теру түрімен мәтіннің 98 бетінде баяндалған, 13 кесте және 10 суреттен тұрады.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

**Магистрлық жұмыстың бірінші бөлімінде** шет елдердегі агроөнеркәсіптік кешендердің құрылымдық ерекшелігі, Қазақстан Республикасындағы агроөнеркәсіптік кешеннің сипаттамасы, еліміздегі аграрлық кешенді дамуы бойынша жүргізілген мемлекеттік қолдау бағдарламалар, ауылшаруашылығын несиелендіру жүйесі қарастырылған. Алдымен агроөнеркәсіптік кешен түсінігінің анықтамасы берілді. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен (АӨК) – ауыл-шаруашылығы шикізаты ақырғы өнімдерінің ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін өзара байланысты салалардың жиынтығы. Ол өзіне үш қызметтік аяны біріктіреді:

- ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құралдарын шығаратын және соған сәйкес қызмет көрсететін қор құраушы салалар;
- ауыл шаруашылығы (өсімдік және мал шаруашылығы);
- дайындауды, сақтауды, ауыл шаруашылығы шикізаттарын өңдеуді және АӨК соңғы өнімдерін өткізуін қамтамасыз ететін салалар мен өндірістің жиынтығы.

**Екінші бөлімде** Шығыс Қазақстан облысы бойынша және Көкпекті ауданыны бойынша аулшаруашылық құрылымдарының дамуы мен аймақ бойынша аграрлық саланы несиелендіруге талдау жүргізілген. Шығыс Қазақстан облысы бойынша ауылшаруашылық құрылымдарына және аграрлық секторды қаржыландыру деңгейіне талдау тігінен және көлденеінен талдау әдістері арқылы жүргізілді. Зерттеу кезеңі ретінде 2008, 2009, 2010 жылдар кесігі қарастырылды. Ақпарат көзі болып негізінен Шығыс Қазақстан облысының статистикалық департаментінің сандық деректері пайдаланылды.

Еліміздегі негізгі неселік институт - екінші деңгейлі банктермен облыстағы экономика салаларының несиелендірілу мөлшерін қарастыралық (кесте 1).

#### Кесте 1

Экономика салалары бойынша Шығыс Қазақстан облысы екінші деңгейдегі банк филиалдарының берген неселері, млн.теңге

Атауы	2008ж.	2009ж.	2010ж.
1	2	3	4
Барлығы	124 684	100 058	48 668
Оның ішінде:			
өнеркәсіп	16 829	15 098	10 293
үлесі, %	13,5	15,1	21,1
ауыл шаруашылығы	6 638	5 823	2 994
үлесі, %	5,3	5,8	6,1
құрылыс	1 477	598	401
үлесі, %	1,2	0,6	0,8
көлік	9 434	4 274	4 416
үлесі, %	7,6	4,3	9,1
байланыс	36	80	35
үлесі, %	0,0	0,1	0,1
сауда	52 173	39 837	15 798
үлесі, %	41,8	39,8	32,5
басқалары	38 097	34 348	14 731
үлесі, %	30,6	34,3	30,3
Ескерту: Шығыс Қазақстан облысының статистикалық басқармасының берілгендері негізінде жасалған			

Жалпы алғанда 2008-2010жж. аралығында екінші деңгейлі банктермен берілген несиелердің төмендеу тенденциясы сипат алады. 2008 жылы ол көрсеткіш 124 684 млн.теңгені құраса 2010 жылы 48 668 млн.теңгеге немесе 2,6

есеге немесе 60,9%-ға төмендегенін байқауға болады. Бұл жерде 2008 жылы ауылшаруашылығын несиелендірудің үлесі 5,3% құраса, 2009 жылы 5,8%, ал 2010 жылы 6,1%-ға жеткендігін көре аламыз. Ауыл шаруашылығын несиелендірудің жалпы несиелендіру мөлшеріндегі үлесінің артуымен қатар, жалпы бөлінген қаражат көлемінің 2,2 есеге төмендеу тенденциясы қалыптасқан.

Сонымен қатар, Көкпекті ауданы бойынша және жалпы облыс бойынша ауылшаруашылығын микронесиелік ұйымдармен қаржыландыру, берілген несиелер саны және сомасы, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер бойынша талдау жүргізілген (кесте 2).

## Кесте 2

Көкпекті ауданындағы несиелік ұйымдардың саны және сыйақының орташа салмақталған мөлшерлемесі

Атауы	Ұйымдар саны, бірлік	Берілген кредиттер саны, бірлік		Берілген кредиттер сомасы, мың теңге		Сыйақының орташа салмақталған мөлшерлемесі, %			
						қысқа мерзімді		ұзақ мерзімді	
		ж.т	з.т	ж.т	з.т	ж.т	з.т	ж.т	з.т
2008 жыл									
Барлығы	20	105	42	1919947	238745	14	14,6	9,5	8,9
Көкпекті ауданы	1	45	20	654522	55263	9,5	10,0	-	9,5
2009 жыл									
Барлығы	15	94	30	102003	101200	12,0	9,0	11,7	8,8
Көкпекті ауданы	1	10	2	14400	7700	9,0	9,0	-	9,0
2010 жыл									
Барлығы	15	88	2	37925	1100	13,5	9,0	13,6	-
Көкпекті ауданы	1	4	2	19500	1100	9,0	9,0	9,0	-
Ескерту: Шығыс Қазақстан облысының статистикалық басқармасының берілгендері негізінде жасалған									

Жылдар кесімі бойынша байқайтынымыз облыс бойынша жыл сайынғы микронесиелік ұйымдар санының төмендеуі. Сәйкесінше осы аралықта аграрлық секторға берілген несиелердің саны да сомасы да төменден тенденциясына ие болған. Сонымен қатар, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер бойынша тұрақты төмендеу немесе тұрақты өсуді айту қиын. Жалпы байқайтынымыз несиелендіру мөлшерінің төмендегені анық.

Және де екінші бөлімде ауылшаруашылығын несиелендірудің қазіргі күгі ерекшеліктері мен несиелендіру шарттары, мерзімі, мақсаты, несие алға қажетті құжаттар қарастырылған.

**Магистрлық жұмыстың үшінші бөлімінде** мемлекеттік қолдау көрсету арқылы және микронесиелендіру жалпы несиелендіру жүйесі арқылы агроөндірістік кешенді дамыту бойынша ұсыныстар жасалып, аграрлық саланы жетілдіру жолдары қарастырылды.

2006 жылдың 14 шілдесінде Қазақстан Республикасының Өкіметінің № 675 «2006-2008 жылдардағы Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық тауарөндірушілерін несиелендіру үшін микронесиелік ұйымдар желісін дамыту Концепциясын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы» Қаулы қабылданды. Бұл жоспарлы іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде 2008 жылдан бастап облыста 5 микронесиелік ұйымдар жұмыс істейді, оладың негізін қалаушы болып Астана қаласында орналасқан «Несиелік корпорация» АҚ табылады.

Микронесиелік ұйымдар Жарма, Зырян, Катон-Карагай, Ұлан және Ұрджар аудандарында құрылған. Бұл ұйымдармен 315,7 млн. Теңгеге 930 несие берілген, олардың ішінде: 2008 жылы 112,1 млн. Теңгеге 327 несие берілген; 2009 жылы 203,6 млн. Теңгеге 603 несие берілген, соның ішінде аудандарда:

– Жарма ауданында («РМНҰ Қалба молшылығы» ЖШС) 35,5 млн. Теңгеге 96 несие;

– Зырян ауданында («МНҰ СельхозКредит» ЖШС) 66,5 млн. Теңгеге 192 несие;

– Катон-Карагай ауданында («МНҰ Мұзтау-несие» ЖШС) 29,6 млн. Теңгеге 99 несие;


– Ұлан ауданында («МНҰ Көмек» ЖШС) 47,1 млн. Теңгеге 134 несие;

– Ұрджар ауданында («МНҰ ВЕЛА» ЖШС) 25 млн. Теңгеге 82 несие.

Нарықтық экономиканың тек мемлекеттің қолдауымен болуы тегін емес. Мемлекеттің қолдауынсыз ауылшаруашылық тауарларының бағасы өнеркәсіптік тауарлар бағасымен салыстырғанда бағалар диспаритетіне ұшырауы ықтимал, сонымен қатар сала кедейшілікке бейімделуі мүмкін. Ол жаңа заман экономикасының жалпы заңы болып табылады. Мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдау маңыздылығын ескере отырып, ауылшаруашылығын бюджеттен қаржыландыру сызбасы (сурет 1) ұсынылған.

Ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау термині аграрлық саланы экономикалық реттеу шаралары бойынша өзара байланысты жүйелерді анықтауға негізделген.

Бюджеттік қаржыландырудың ұсынылып отырған механизмі ағымдағы өндірісті қолдайтын субсидиялар мен ұзақ мерзімді дамуға негізделген субсидияларды дамуытуды негіздейді. Осылайша мемлекеттік қолдау мемлекеттік реттеудің барлық салаларын қамтиды. Ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау термині аграрлық саланы экономикалық реттеу шаралары бойынша өзара байланысты жүйелерді анықтауға негізделген.



Ескерту: автормен жасалған

Сурет 1. Ауылшаруашылығын бюджеттен қаржыландырудың ұсынылатын сызбасы

Бюджеттік қаржыландырудың ұсынылып отырған сызбасы өзіндік артықшылықтарға ие:

– дотация түріндегі тура төлемдер жүйесі, субсидиялар өндіріс көлемінің өсуіне жақсы ықпал етеді;

– шығындарды қайтару механизмін реттеудегі жалғын нақты тетік болып субсидиялар қалуда, өзге элементтер немесе тіпті жоқ (кепілдендірілген бағалар), немесе үнемі жеткілікті қаржыландырылмауынан немқұрайлы мінезге ие болады (федералды бюджеттің шығындарын өтейді);

– ауылшаруашылық өндірісінің егжей-тегжейіне байланысты қажетті болып табылатын қайтарымсыздылық мінез субсидияларға тән;

– дамыту субсидиялары арқылы мемлекеттің ықпал етуі ауылшаруашылығын жүргізу жүйесінде жаңартулар енгізуге итермелеуші болып келеді, себебі дамытушы субсидияларды алу үшін ұйым несиеқабилетті және табысты болуы керек.

Бүгінгі таңда қаржы-неселік институттар тарапынан ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау сәйкес деңгейде жүргізілмеуде. Оның өзіндік қиыншылықтары да бар, олардың кейбірі 3 кестеде көрсетілген. Кез келген кәсіпкерлікті дамыту үшін несиелік қаражаттар қажет, ал несиелік ресурстарды жеткізетін негізгі жеткізуші – коммерциялық банктер болып табылады. Банктер несиелендіруді жалпы стандарттық талаптарға сәйкес төлемділігіне, қайтарымдылығына және қамтамасыз етілуіне байланысты жүзеге асырады.

### Кесте 3

#### Ауылшаруашылығын несиелендірудің шектелген жүйесі

Несие берушілер тұрғысынан (ұсыныс)	Қарыз алушылар тұрғысынан (сұраныс)
Ауылшаруашылығы саласының жоғары тәуекелдері (табиғи-климаттық, бағалық)	
Ауылдық жерлердегі банктік құрылымдардың нашар дамуы, несиелендірушілердің алшақ орналасуы, қарыз берушілердің территориялық қолайсыз орналасуы.	Саланың төмен табыстлығы (шығындылық)
Ауылшаруашылық өндірісінің қажеттілігін қанағаттандыратын несиелік өнімдер дефициті	Несиені қамтамасыз етудегі кепіл базасының дефициті немесе өзге қамтамасыз етулердің жоқ болуы
Ауылшаруашылығындағы қарызалушылардың несиеқабилеттілігін бағалаудың арнайы әдістемелерінің болмауы	Несиелік тарихының болмауы, несие алудың қиындығы мен қымбаттығы
Мөлшері аз қарызды беруімен байланысты транзакциялық шығындардың жоғарғы деңгейі	Несиені алумен байланысты транзакциялық шығындардың жоғары деңгейі
Ескерту: Автормен құрастырылған	

Банк өнімдері ауыл тұрғындары үшін қол жетімсіз, қымбат болуда, өйткені банктер кәсіпкерлікті несиелендіруге мүдделілік танытпайды. Осы негізде

несиелік жүйенің екінші және үшінші деңгейлерін, яғни несиелік серіктестіктер және микронесиелік ұйымдар тарапынан несиелендіруге аса көңіл бөлу қажет.

Бүгінгі жағдай бойынша ауылшаруашылығын несиелендіретін ұйымдар санының жыл сайынғы төмендеуі әрине саланың дамуына кері әсерін тигізеді. Жалпы ауылшаруашылығының дамуы бойынша келесідей мәселелер қалыптасқан:

- елдегі агроөнеркәсіптік кешендерді несиелендіру бойынша микронесиелік ұйымдар санының аздығы;

- микронесиелеуші ұйымдардың ауылдық аймақтарда аз шоғырлануы;

- несиелеу бойынша пайыздырдың жоғары болуы;

- несиелендірілу үшін толтырылатын құжаттардың көптігі, жалпы несиелендіру процесінің шаруа қожалықтары үшін тиімсіздігі;

- мемлекет тарапынан бөлінген субсидиялар көбінесе үлкен шаруашылық құрылымдарға тиесілі болады;

- өндірістің негізгі құралдарының физикалық және моральды тозуы,

- жер құнарлылығы жағдайына бақылауды орнатылмауы;

- ауылшаруашылығындағы инновациялардың, ғылыми технологияларды енгізудің жетілдірілмеуі;

- аграрлық секторға инвестициялар тартудың төмен деңгейі;

- мамандандырылған кадрлардың жоқтығы;

Аталмыш мәселелерді шешудің келесідей жолдары ұсынылған:

- елдегі аграрлық секорды дамытудың, жетілдірудің негізі ретінде мемлекет тарапынан бюджеттен қаржыландырудың сызбасы ұсынылған;

- мемлекеттің қолдауымен ауылшаруашылығын несиелендіру жүйесінің сызбасы құрастырылды;

- ауылшаруашылығындағы жоғары білімді мамандардың санын арттыру мақсатында шаруашылық құрылымдары мен жоғарғы оқу орындары арасында байланыс орнату;

- агроөнеркәсіптік кешендердегі инновациялық әрекеттерді несиелендірудің мемлекеттің ынталандыру стратегиясы ұсынылған.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Магистрлық жұмыстың ізденіс нәтижесі бойынша қысқаша қорытынды:

1. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін аграрлық реформаны іске асыру барысында ауыл шаруашылығының тұрақты келешекте бірқалыпты дамуы үшін біраз заңдар қабылданды. Осы заңдар негізінде мемлекеттің әртүрлі аймақтарында ауыл шаруашылығы дамыту жөнінде бағдарламалар қабылданды.

2. Дүние жүзінде ауылшаруашылығына көмек көрсетпейтін бірде-бір жоғары дамыған мемлекет жоқ. Әлемнің дамыған мемлекеттерінің өзі АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония, Франция және т.б. ауылшаруашылығына көмек көрсетуден бас тартқан емес. Тек Эфиопия мен Гандураста ауыл

шаруашылығына мемлекетпен қолдау көрсетілмейді. Сондықтан, Қазақстан да БСҰ кіргенменде агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдаудан бас тартпауы тиіс.

Қазақстанда аграрлық саланы мемлекеттік қолдаудың барлық үш бағыты бойынша 2009 жылы 2947,2 миллион теңге несиелері, 172,9 миллион теңге субсидиясы алынған. 2011 жылы 2010 жылғы АӨК берілген субсидиядан 13,6 млрд.теңгеге артық яғни, 58 млрд.теңге берілу көзделіп отыр. Ақша қаражаттары келесідей бағыттарға жұмасалады:

- дәнді-дақылдарды қолдау бағдарламасына – 2010 жылмен салыстырғанда 108 млн.теңгеге өсумен 2,2 млрд.теңге;

- мал шаруашылығын қолдауға – 2010 жылмен салыстырғанда 740,4 млн.теңгеге артып, 4,2 млрд.теңге;

- мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыруға бағытталған субсидия мөлшері 76 млн.теңгеге артып, 13,1 млрд.теңгені құрамақ.

Мемлекет тарапынан ауылшаруашылығы саласын қолдау ұсынылған сызбасы келесідей артықшылықтарға ие:

- дотация түріндегі тура төлемдер жүйесі, субсидиялар өндіріс көлемінің өсуіне жақсы ықпал етеді;

- шығындарды қайтару механизмін реттеудегі жалғыз нақты тетік болып субсидиялар қалуда, өзге элементтер немесе тіпті жоқ (кепілдендірілген бағалар), немесе үнемі жеткілікті қаржыландырылмауынан немқұрайлы мінезге ие болады (бюджеттің шығындарын өтейді);

- ауылшаруашылық өндірісінің егжей-тегжейіне байланысты қажетті болып табылатын қайтарымсыздылық мінез субсидияларға тән;

- дамыту субсидиялары арқылы мемлекеттің ықпал етуі ауылшаруашылығын жүргізу жүйесінде жаңартулар енгізуге итермелеуші болып келеді, себебі дамытушы субсидияларды алу үшін ұйым несиесіне қабілетті және табысты болуы керек.

3. Шаруашылық құрылымдарын несилеудің жыл сайынғы төмендеуі орын алады. Ол атап айтылғандай микронесиелік ұйымдардың санының төмендеуімен байланысты. Сонымен қатар, мұндағы келесідей мәселелерді айтуға болады:

- субсидиялау тек қаржыландыру көлеміне қосылмаған ингредиенттер мен қосымша материалдарға шығындар мен шикізатты сатып алу бойынша шығындарға ғана бағытталған;

- субсидиялар көбінесе ірі шаруашылықтарға беріледі;

- несилеудің қысқа мерзімі мен құжаттаманы әзірлеудің қиындығы, кепіл затының мәселесі;

- жергілікті елді-мекендегі несилелік ұйымның аздығы, тіптен болмауы да байқалады.

Жоғарыда келтірілген мәселелі сұрақтармен байланысты келесідей шараларды қабылдау қажет:

- несилеу мерзімін ұзарту, несилендіру бойынша құжаттама мерзімін

қысқарту, сәйкесінше жеңілдіктер енгізу;

– мемлекет тарапынан несиелендіру бойынша әрекет етудің тиімді жүйесін құру;

– техникамен және құрылғылармен ауылшаруашылықты қамту және агроөндірістік кешеннің субъектісін несиелеу кезінде пайыздық ставканы субсидиялау.

Менің ойымша, ауылшаруашылығын қаржылық-несиелік институттар арқылы қолдау, мемлекет тарапынан жүргізілетін шараларды жетік жетілдіру өз кезегінде агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына әкеледі. Олар:

– ұлттық агросактандыру компаниясын құру. Егіннің шықпауы және жануарлардың қырылуымен байланысты мәселелерді шешуге көмектеседі;

– көкөніс егу мен айналысатын шаруа қожалықтарын ҚҚС-тан босату. Көкөніс бағасының төмендеуіне әкеледі. Кейіннен бұл әдісті мал етін өндіруші қожалықтарға да пайдалану. Бұл шаралар бір жағынан өндірістің кеңеюіне әкеледі;

– ауылшаруашылық тауарөндірушелерін несиелік қолдаудың қолжетімді құрылымын қалыптастыру.

**Қойылған тапсырманың толық шешімін бағалау.** Алынған ғылыми нәтижелер олардың шешімінің толықтығымен сипатталады және қойылған тапсырмаларына сәйкес келеді.

**Нақты қолданылған нәтижелер бойынша берілген мәліметтер мен ұсыныстарды қарастыру.** Агроөндірістік кешенді арықарай дамытудың тұрақты бағдарламасын ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылық өнімінің өндірістігін субсидиялау түрлері мен мөлшерін өсіру керек, ауылшаруашылық өнімдерін сақтандыру механизмін қарастыру және ауыл шаруашылығына мемлекетпен салынған қаражатты қолдануға қадағалауды күшейту қажет. Бюджеттік қолдау бағдарламасын жетілдіру қажет. Агроөнеркәсіптік кешендерді қаржыландырудың маңызды көзі микронесилік ұйымдар мен несиелік серіктестіктер санын арттыру мен несиелендіру процесін жетілдіруді қарастыру қажет.

## **ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША БАСЫЛЫМҒА ШЫҒАРЫЛҒАН МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ**

1 Нарықтық экономика шарттарында агроөндірістік кешендерді қаржыландыру мәселесі // «Жастардың шығармашылығы – Қазақстанның инновациялық дамуына» ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған жас ғалымдар мен студенттердің XI Республикалық ғылыми техникалық конференциясының материалдары, 21-22 сәуір 2011 ж. – VI Б. – Өскемен: Д.Серикбаев атындағы ШҚМТУ, 2011. – 167-168 б.

2 Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешенінің дамуы // «Ломоносов – 2011» студенттердің, магистранттардың және жас ғалымдардың халықаралық конференциясы: мақалалардың тезистері, 8-9 сәуір 2011 ж. - II Б. - Астана: М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалы, 2011. - 142-144 б.

## РЕЗЮМЕ

Калиева Гульнур Каримхановна

### СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД И ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ФИНАНСИРОВАНИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА В УСЛОВИЯХ РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКИ (НА ПРИМЕРЕ КОКПЕКТИНСКОГО РАЙОНА)

Реферат диссертации на соискание академической степени магистра социальных знаний по специальности 6N0508 – «Учет и аудит»

**Актуальность темы исследования.** Агропромышленный комплекс основная сила которая обеспечивает население страны продовольственными товарами и является одним из основ экономического развития страны. Вопросы по развитию аграрного сектора экономики были и остаются самыми важными в данный момент не только для Казахстана.

**Объекты исследования** – финансирование агропромышленного комплекса Кокпектинского района Восточно Казахстанской области.

**Цели и задачи исследования** – Целью магистерской работы является проведение финансового анализа финансирования агропромышленного комплекса на региональном уровне и рассмотрение путей совершенствования его финансирования. Для осуществления этой цели в диссертации решаются следующие задачи:

- раскрытие роли агропромышленного комплекса в развитии экономики страны;
- рассмотрение программ государственного регулирования, поддержки и развития агропромышленного комплекса;
- анализ регионального развития и финансирования агропромышленного комплекса;
- рассмотрение и оценка кредитования субъектов сельской местности и условия их кредитования;
- анализ финансирования агропредпринимательства региона;
- в целях развития аграрного сектора сделать предложения по усовершенствованию финансирования, кредитования и государственной поддержки.

**Информационной базой** исследования послужили отчетные материалы и статистические данные по Восточно-Казахстанской области. В работе широко использованы законодательные и нормативные акты Республики Казахстан (Национальные программы, Законы, Указы Президента Республики Казахстан, Постановления Правительства Республики Казахстан).

**Научная новизна исследования:**

Научная новизна результатов исследования заключается в разработке предложении по усовершенствованию механизма финансирования и поддержки

агропромышленного комплекса как отрасли развивающей экономику страны.

**Основные положения, выносимые на защиту:**

- был проведен анализ сельского хозяйства региона на основе которого выявлены причины низкой эффективности сельского хозяйства;
- основные аспекты кредитования агропромышленного комплекса в условиях рыночной экономики;
- методы и виды финансирования агропредпринимательства;
- рассмотрение мер по совершенствованию финансирования и развития отрасли.

**Научно-практическая значимость исследования:** согласно проведенному анализу региона сделать выводы и предложения по финансированию, кредитованию и государственной поддержке агропромышленного комплекса.

## SUMMARY

Gulnur K.Kaliyeva

### **THE MODERN APPROACH AND WAYS OF PERFECTION OF FINANCING OF AGRICULTURE IN THE CONDITIONS OF MARKET ECONOMY (ON THE EXAMPLE OF KOKPEKTINSKY AREA)**

Summary of thesis for the academic degree of Master of economic sciences, specialty 6N0508 - «Accounting and audit»

**Relevance of the research topic.** Agriculture the basic force which provides the population of the country with articles of food and is one of bases of economic development of the country. Questions on development of agrarian sector of economy were and remain the most important at present not only for Kazakhstan.

**The Objects of research** - Financing of agriculture region of Kokpektinsky of East Kazakhstan.

**The aims and objectives of the study** - The purpose master's work is carrying out of the financial analysis financing agriculture at regional level and consideration of ways of perfection

Its financings. For realization of this purpose in the dissertation following problems are solved:

- Disclosing of a role of agriculture in national economy development;
- Consideration of programs of state regulation, support and agriculture development;
- The analysis of regional development and agriculture financing;
- Consideration and an estimation of crediting of subjects of countryside and a condition of their crediting;
- The analysis of financing of business of region;
- With a view of development of agrarian sector to make proposals on improvement of financing, crediting and the state support.

**The information base studies** served as the records and statistics on the East Kazakhstan region. The paper is widely used in legislative and regulatory acts of the Republic of Kazakhstan (National Programs, Laws, Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan Government Decree of the Republic of Kazakhstan).

**Scientific newness of the study:** Scientific novelty of results of research consists in working out the offer on improvement of the mechanism of financing and agriculture support as branches developing national economy.

**The main provisions for the defense:**

- The analysis of agriculture of region on which basis has been carried out the reasons of low efficiency of agriculture are established;
- The basic aspects of crediting of agriculture in the conditions of market economy;
- Methods and kinds of financing of agrarian business;

– Consideration of measures on improvement of financing and branch development.

**Scientific and practical significance of the study:** According to the spent analysis of region to draw conclusions and offers on financing, crediting and the state support of agriculture.